Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама

«11» сәуір 2018 жыл. **№ 01**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің «Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ.

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылдағы 30 қарашадағы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының (бұдан әрі - Қағида) 11-тармағына сәйкес 2018 жылғы 11 сәуірдегі анықталған бұзушылықтарды «Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-не (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) хабардар етеді.

Заңның 31-бабы 2-тармағына сәйкес Сізге осы хабарламаны оны берген күннен (алғаннан) кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындау қажет.

Мынадай жағдайларда камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама орындалды деп танылады:

- келіскен жағдайда – осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес хабарлама жіберген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетке (бұдан әрі - Комитет) немесе аумақтық бөлімшеге қағаз немесе электрондық тасығышта бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты және қажет болған жағдайда растайтын құжаттарды міндетті түрде ұсына отырып, хабарламада көрсетілген бұзушылықтарды жою;

- келіспеген жағдайда – мемлекеттік аудит объектісінің Заңның 37-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес ұсынған қарсылықты қарау нәтижелері бойынша Комитеттің оң қорытындысы.

Қағиданың 14-тармағына сәйкес, мемлекеттік аудит объектісі хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, хабарламаны жіберген Комитеттің аумақтық бөлімшесін бір мезгілде хабардар ете отырып, Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне хабарлама берілген (алған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес қарсылық жіберуге құқылы.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен қазынашылық органдарда ашық шоттары бойынша, Заңның 32-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік аудит объектілерінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға, сондай-ақ "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабы 3-бөлігіне сәйкес лауазымды тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғады.

Заңның 60-бабына сәйкес мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Анықталған бұзушылықтардың сипаттамасы бар қосымша «2» парақта.

Департамент басшысы **С. Қасымов**

2018 жылғы «11» сәуірдегі №01 хабарламаға
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 14-бабына сәйкес, Ұйымдастырушы тарапынан жаряиланған №2307360-1 санды *«Түпқараған ауданы бойынша 2018 жылға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясындағы қызметтер»* мемлекеттік сатып алудың №16504797-ГСЗ1 лотына камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде келесідей бұзушылықтар анықталды.

20.03.2018 жылғы №16504797-ГСЗ1 мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылар туралы хаттамаға сәйкес, конкурстық комиссиялардың шешімімен келесідей өнім берушілер «Түпқараған жастары» ЖҚБ және «Маңғыстау облысының ауыл жастары одағы» КҚ конкурсқа қатысуға рұқсат етілген.

Алайда, Департамент камералдық бақылау нәтижесімен конкурстық комиссиялардың шешімін келесі мән-жайларға байланысты **негізсіз** деп санайды. Атап айтқанда:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бектіліген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағидасының (бұдан әрі - Қағида)233-тармағында *ұйымдастырушы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен* ***ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді*** 2-тармақшасында ***әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының*** *Тапсырыс беруші* ***сатып алатын көрсетілетін қызметтерге сәйкес*** *(құрылтай құжаттарына сәйкес)* ***болуы*** делінген.

Сонымен қатар, Қағиданың 233-тармағында *осы тармақтың 1) - 6) тармақшаларында көзделген* ***өлшемшарттар бойынша баллды есептеу конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептеледі*** делінген.

Осыған сәйкес, Қағиданың конкурстық құжаттаманың 2-қосымшасы техникалық ерекшеліктердің әлеуетті өнім берушілерінің ұсынған бағалау өлшемшарттары 2-тармағында *тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметке әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының сәйкестігі (құрылтайшы құжаттарға сәйкес)* ***қызмет мақсаты Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне сәйкес келмесе 0 балл беріледі*** *ал,* ***қызмет мақсаты Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне сәйкес келсе 1 балл беріледі*** делінген.

Сонымен бірге, Қағиданың 234-тармағында *233-тармақтың 1),* ***2)*** *және 3)* ***тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша бір баллдан төмен жинаған әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері*** *жалпы жиналған баллдардың санына қарамастан,* ***конкурсқа қатысуға жіберілмейді*** делінген.

Айта кететін жайт, Ұйымдастырушының сатып алатын қызметі **Деструктивтік діни ағымдардарға қарсы иммунитетін қалыптастыру үшін алдын алу және жеке жұмыстарын ұйымдастыру**.

«Түпқараған жастары» ЖҚБ конкурстық өтінімі бойынша:

«Түпқараған жастары» ЖҚБ конкурстық өтінімінде ұсынылған құрылтайшы құжат Жарғысының 2.1-тармағына сәйкес негізгі мақсаттары келесідей: жастардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау, жастардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу, жастар бойындағы шығармашыл қабілетін дамыту, жастар кәсіпкерлігін қолдау дамыту болып табылады.

Алайда, Департамент «Түпқараған жастары» ЖҚБ-нің Жарғысында көзделген мақсаттары Ұйымдастырушының сатып алатын қызмет мақсатына сәйкес келмеуіне орай **0 балл** беріледі деп санайды.

Демек, «Түпқараған жастары» ЖҚБ Қағиданың 234-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға жіберілмеуі тиіс.

«Маңғыстау облысының ауыл жастары одағы» КҚ конкурстық өтінімі бойынша.

«Маңғыстау облысының ауыл жастары одағы» КҚ конкурстық өтінімінде ұсынылған құрылтайшы құжат Жарғысының 2.1-тармағына сәйкес негізгі мақсаттары келесідей: ауыл жастарының мәселелерін шешу, олардың мүдделерін қорғау мен жүзеге асыруға, азаматтық және әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыруға, ауыл жастарының жан-

жақты дамуы, білім алуы, тәрбиеленуі және өздерінің толық дәрежеде таныта білуіне жағдайлар мен механизмдер қалыптастыруға бағытталған республика жастарының күш-қуатын, әлеуетін біріктіру болып табылады.

Алайда, Департамент «Маңғыстау облысының ауыл жастары одағы» КҚ-нің Жарғысында көзделген мақсаттары Ұйымдастырушының сатып алатын қызмет мақсатына сәйкес келмеуіне орай **0 балл** беріледі деп санайды.

Демек, «Маңғыстау облысының ауыл жастары одағы» КҚ Қағиданың 234-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға жіберілмеуі тиіс.

Орын. Н. Жақайұлы
Тел: 31-90-92